

Мектеп директорларына

Аудандық білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының 2024 жыл 16 қазандағы №487 хатына сәйкес 2024 жыл 13 қараша күні Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің базасында жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасында «Қазақтың біртуар ұлы – Дінмұхамед Қонаев» байқауының аудандық кезеңі өткізілетінін хабарлайды.


Осыған орай, аталған байқауға қатысу туралы сұранысты ережедегі кестеге сәйкес ағымдағы жылдың **12 қарашаға** дейін аудандық білім бөліміне (қағаз түрінде) өткізулеріңіз тиіс.

Ереже қосымша /4 бет/ тіркеледі.

/ Басшы

М.Сванов

Орындаған: А.Кариева




«КЕЛІСЕМІН»

Жамбыл облыстық
тарихи-өлкетану музейінің
директоры

С.Ілияс

«15» 10 2024 жыл



«БЕКІТЕМІН»

Жамбыл
облысы әкімдігінің білім
басқармасының басшысы
Р. Садырқұлов

2024 жыл

Жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында
«Қазақтың біртуар ұлы – Дінмұхамед Қонаев» атты облыстық
шығармашылық байқауының

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығымен және Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің Д.А.Қонаев орталығымен әзірленіп, облыстық жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған «Қазақтың біртуар ұлы – Дінмұхамед Қонаев» атты шығармашылық байқауын өткізу тәртібін айқындайды.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеті:

- Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірі мен шығармашылығын, еңбек жолын кеңінен насихаттау, өскелең ұрпақты ұлттық патриотизм мен еңбексүйгіштікке баулу арқылы жастардың шығармашылығын шыңдау, ары қарай дамуына жол ашу.
- рухани, мәдени мұраларын келешек ұрпақтың санасында жаңғырту және тәуелсіз елдің дарындарын қалыптастыру;
 - жас таланттарды анықтау.

III. Өткізу тәртібі

Байқауға оқу тіліне қарамастан жалпы білім беру ұйымдарының 8-11-сынып оқушылары қатыса алады. Аудандық білім бөлімдері, Тараз қаласының білім бөлімі және облыстық мамандандырылған білім беру ұйымдары 3 оқушыдан ұсынады.

«Қазақтың біртуар ұлы – Дінмұхамед Қонаев» байқауы 3 кезеңде өткізіледі.

1. Мектепшілік кезең
2. Аудандық кезең
3. Облыстық кезең

Байқау үш бағыт бойынша өткізіледі. Бір оқушы бір бағыт бойынша ғана қатысады.

IV. Байқау шарттары

4.1 «Қазақтың біртуар ұлы - Дінмұхамед Қонаев» атты ғылыми жоба бағыты.

Дінмұхамед Қонаевтың өмірі мен шығармашылығы, еңбек жолы, таңдамалы сөздері мен мақалаларындағы көркем ой, талғам мен түсінік, ұлттық танымның ерекшеліктерін, адамзат, ұлт руханиятындағы мәнімен сабақтастыра отырып, ғылыми зерттеу жобасын қорғау.

Ғылыми жобаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

(Word, 14 шрифт, 1.5 интервал, 2 см. солдан шегіну')

1. Жоба мәтіні компьютерде басылуы керек және мынандай құрылымнан тұрады:

- 1) титул парағы;
- 2) мазмұны;
- 3) қазақ немесе орыс тілдерінде абстракт (аннотация) (жобаның қай тілде дайындалғанына байланысты);
- 4) кіріспе;
- 5) зерттеу бөлімі;
- 6) қорытынды;
- 7) пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

2. Титул парағында мыналар көрсетіледі:

- 1) жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қаласы, мектебі;
- 2) автордың (біріккен автордың) тегі, аты, сыныбы;
- 3) жұмыстың атауы;
- 4) жұмыстың дайындалған бағыты, пәні (қазақ тілі мен әдебиеті, тарих);
- 5) жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты;
- 6) безендірілген материал (сызбалар, кестелер, фотосуреттер және суреттер т.б.).

3. Пайдаланылған әдебиетке сілтемені төртбұрышты жақшада беру керек, мысалы [4]. Мәтінде кездесетін сілтемелерге орай нөмірлеу жүйелі болуы керек.

4. Әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа сіңірген жеке еңбегі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерін әрі қарай пайдалану жөніндегі ұсыныстар сөз болған жетекшінің пікірі қоса берілуі керек.

5. Жоба көлемі 15 беттен кем болмауы тиіс: тақырыптың нақтылығы, өзектілігінің белгіленуі, мақсат-міндеттердің дұрыс қойылуы, қажетті ғылыми, көркем әдебиеттің, т.б. дерек көздерінің айқындылығы; тұжырымдардың ғылыми талдануы, әдіс-тәсілдерінің нақтылығы; бөлімдер мен тарауларға дұрыс бөлініп, әр бөлім, тарау бойынша қорытынды жасалуы; қорытындысының дұрыс жасалуы; ғылыми жұмысты қорғауға 5-7 минут уақыт беріледі.

Ұсынылатын тақырыптар:

1. Д.Қонаев — қазақтың қанағат мектебі, адалдықтың өлшемі, болмысы бөлек нар тұлға.
2. Қонаевтың нақыл сөздерінің ұрпаққа берер тәрбиесі.

3. Д. Қонаев — өз заманының ұлы саясаткері.

4. Д.Қонаевтің шығармашылық жолында қалдырған ізі.

4.2 «Дара тұлға ізімен» атты эссе бағыты.

Қатысушының теориялық білімін, шығармашылық қабілетін тексеру мақсатында эссе жұмысы бойынша арнайы тақырыптар ұсынылады. Оқушы бір тақырыпты таңдап 1 сағат 30 минут көлемінде эссе жазып тапсырады.

Эссе шарттары: құрылымның нақтылығы, кіріспе мен негізгі бөлімнің ара-жігін дұрыс бөліп, ой желісін жүйелі баяндауда құрылымдық белгіні сақтай алуы; қорытындыда негізгі бөлімдегі алынған нәтижелер мен ойлардың түйіні, тақырыптың маңызы айтылу қажет.

Эссе ережесіне сәйкес:

- 8 сыныптар үшін- 100-150;
- 9 сыныптар үшін- 150-200
- 10 сыныптар үшін -200-250;
- 11 сыныптар үшін -250-300 сөзді қамту керек.

Эссені бағалау критерийлері:

- мазмұны байқаудың көрсетілген тақырыбына толығымен сәйкес келуі;
- тақырыптың, толық ашылуы, жұмыстың мазмұндылығы;
- эссенің композициялық тұтастығы және логикалық жүйелігі;
- шығармашылық пен өздігінше ой толғай алуын білдіруі;
- тіл көркемділігі мен сауаттылығы.

4.3 «Дана тұлға, дара тұлға – Д.А. Қонаев» атты жас акындар мүшәйрасы. Жас акындар өздерінің арнау өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқиды. Өлеңге қойылатын талаптар (идеясы, құрылысы, көркемдігі) сақталуы шарт.

4.4 Облыстық, аудандық/қалалық «Қазақ халқының кемеңгер ұлы Дінмұхамед Қонаев» шығармашылық байқауын өткізудің нақты мерзімін тиісті білім бөлімдері мен мекеме басшылары белгілейді.

4.5 Әр аудан/қала, облыс 3 үміткер (әр бағытқа -1 оқушыдан) ұсынады.

4.6 Байқауды ұйымдастыру және өткізу, дайындау жұмыстарын Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы және Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің Д.А.Қонаев орталығы жүзеге асырады.

4.7 Қазылар алқасы төрағадан, алқа мүшелерінен тұратын қазылар алқасының құрамын облыстық ұйымдастыру комитеті бекітеді.

4.8 «Қазақтың біртуар ұлы - Дінмұхамед Қонаев» шығармашылық байқауына қатысу туралы өтінім 2024 жылдың 13 қарашасына дейін «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының shbaiqau@gmail.kz электронды поштасына төмендегі үлгіде жолдау қажет.

Көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген өтінімдер қабылданбайды.

«Қазақтың бір туар ұлы – Дінмұхамед Қонаев» атты шығармашылық байқауына сұраныс

№	Аудан/қала	Ауылы	Мектебі	Мектептің п.Ю	Қатысушы ның аты- жөні	Қатысушы ның ЖСН	Сын ыбы	Жетекшінің атты-жөні, телефоны	Жетекшінің ЖСН	Бағыты
1										